

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2019 жылдың 24 қазанындағы  
№ 129 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2019 жылдың 01 қарашасынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

---

---

Алматы қ.

2019

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

**1. № 1 өзгерту:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 12 тамызындағы № 86 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 18 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген.

**2. № 2 толықтыру:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылдың 12 маусымындағы № 55 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштерін есептеу тәртібін, сондай-ақ олардың өтімділік деңгейіне қарай бағалы қағаздардың тізімдерін қалыптастыру тәртібін анықтайды.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді Биржаның басқа ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдар қолданылады.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар өтімділігінің деңгейі осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар үшін есептелген  $L_i$  өтімділік көрсеткішінің мәнімен сипатталады.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткішін есептеу кезінде:
  - 1) репо операцияларына қатысты мәмілелер ескерілмейді;
  - 2) мамандандырылған сауда-саттық шеңберінде жасалған мәмілелер ескерілмейді;
  - 3) ашық сауда-саттық әдісімен жасалған орындалған мәмілелер ғана ескеріледі.
4. Өтімділік көрсеткіштерінің репрезентативтілігін және олардың биржалық нарықтағы бағалы қағаздар айналымдылығының объективті деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) өзінің пікірі бойынша анық нарықтық емес сипаттағы мәмілелер (мысалы, жасалуы кезінде техникалық қателіктер жіберілген мәмілелер, бағалары тиісті бағалы қағаздардың нарықтық жай-күйімен және/немесе бағаларының нарықтық серпінімен анық диссонансталатын мәмілелер) өтімділік көрсеткішінің есебінен алып тастауға құқылы (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген*).
5. Көрсеткішті ( $L_i$ ) есептеу жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен шетел валютасында мәмілелер жасалған жағдайда, аталған көрсеткіштерді есептеу үшін мәміле көлемі осындай бағалы қағаздармен мәміле жасалған күнге осы шетел валютасы үшін белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамын пайдалана отырып, теңгемен көрсетіледі.

### 2 тарау. ӨТІМДІЛІК КӨРСЕТКІШІНІҢ МӘНДЕРІН ЕСЕПТЕУ

6. Қандай да бір уақыт кезеңіндегі (бұдан әрі – талданатын кезең) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$L_i = V_i + Q_i + P_i + D_i, \text{ мұнда:}$$

- $V_i$  –  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- $Q_i$  –  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- $P_i$  –  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға қатысқан Биржа мүшелері санының көрсеткіші;
- $D_i$  –  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздармен мәмілелер жасалған нәтижелі күндер санының көрсеткіші.
7.  $V_i$ ,  $Q_i$ ,  $P_i$  және  $D_i$  көрсеткіштеріне мәмілелер көлемі мен санының нақты мәндеріне, сондай-ақ осы мәмілелерді жасасқан Биржа мүшелерінің санына және осы мәмілелер жасалған күндер санына қарай мынадай мәндер берілуі мүмкін:
    - 0 – төмен деңгей;
    - 1 – орташа деңгей;
    - 2 – орташа деңгейден жоғары;
    - 3 – жоғары деңгей.

8. Осы Әдістеменің 7 тармағында көрсетілген көрсеткіштердің мәндері осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес өтімділік көрсеткіштерін есептеу жүзеге асырылатын әрбір атаудағы бағалы қағаздар бойынша белгіленеді.

Мәмілелер көлемінің көрсеткішін анықтау үшін талданатын кезең ішінде жасалған осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемі есептеледі. Биржаның ақпараттық жүйелеріндегі қандай да бір мәміленің (қандай да бір мәмілелердің) көлемі шетел валютасымен көрсетілсе, осындай мәміленің (осындай мәмілелердің) көлемін осындай мәмілені (осындай мәмілелерді) жасау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген теңгеге осы шетел валютасының бағамы бойынша теңгемен қайта есептеу жүзеге асырылады.

Мәмілелер санының көрсеткішін анықтау үшін талданатын кезең ішінде жасалған осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің нақты саны пайдаланылады.

Биржа мүшелері санының көрсеткішін анықтау үшін талданатын кезең ішінде осы атаудағы бағалы қағаздармен мәмілелер жасаған Биржа мүшелерінің нақты саны пайдаланылады.

Нәтижелі күндер санының көрсеткішін анықтау үшін талданып отырған кезеңдегі жұмыс күндерінің жалпы санынан осы атаудағы бағалы қағаздармен мәмілелер жасалған күндердің пайызбен көрсетілген үлесі пайдаланылады.

### **3 тарау. ӨТІМДІЛІК ТІЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

9. Өтімділік тізімі, осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес есептелген өтімділік көрсеткішінің кемуі бойынша – өтімділік деңгейі бойынша сұрыптай отырып, қандай да бір түрдегі (қандай да бір түрлердегі) немесе Биржа тізімінің қандай да бір бөлігіне (мысалы, сектор, алаң, санат) жататын бағалы қағаздардың тізімі болып табылады.

10. Өтімділік деңгейі бойынша рейтингі бар бағалы қағаздардың тізімдері мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

- 1) өтімділік деңгейін анықтау қажет бағалы қағаздардың тізбесі, сондай-ақ өтімділік деңгейі анықталатын кезең – талданатын кезең анықталады.
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған тізбедегі әрбір атаудағы бағалы қағаздар үшін өтімділік көрсеткішінің мәні есептеледі;
- 3) алынған тізімді жасау кезінде бағалы қағаздардың атаулары олардың өтімділік көрсеткіші мәндерінің кему тәртібімен сұрыпталады, бұл ретте алынған тізімде осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған тізбедегі қағаздардың барлық атаулары немесе бір жалпы белгімен сипатталатын оның белгілі бір бөлігі болуы мүмкін (мысалы, алынған тізім өтімділік көрсеткішінің ең үлкен мәні бар он атаудағы бағалы қағаздардан – Топ-10 жасалуы мүмкін).

11. Биржаның ішкі мақсаттары үшін келесі тізімдер жасалады:

- 1) Өтімділіктің бірінші класындағы бағалы қағаздарының тізімі;
- 2) Өтімділіктің екінші класындағы бағалы қағаздарының тізімі;
- 3) Өтімділіктің үшінші класындағы бағалы қағаздарының тізімі.

12. Осы Әдістеменің 11 тармағында көрсетілген бағалы қағаздардың тізімдері осы Әдістеменің 13-17 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады және Комитет оларды қалыптастырған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді. Мұндай тізімдерді қалыптастыру күні – әр айдың жиырма үшінші күні. Егер жиырма үшінші күн Қазақстан Республикасындағы жұмыс істемейтін күнге келсе, онда тізімдерді қалыптастыру күні келесі жұмыс күні болып табылады.

Қалыптастырылған тізімдер олар қалыптастырылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді және күнтізбелік бір ай ішінде (осы Әдістеменің 17 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) қолданыста болады.

13. Осы Әдістеменің 11 тармағында көрсетілген тізімдер тізімдерді қалыптастыру күнінің алдындағы күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей (осы Әдістеменің 17 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) Биржада сауда-саттықтары ашылған төменде тізімделген бағалы қағаздар арасынан қалыптастырылады:
  - 1) акциялар;
  - 2) депозиттік қолхаттар;
  - 3) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары.
14. Осы Әдістеменің 11 тармағында көрсетілген тізімдерді қалыптастыру үшін Биржа осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес әрбір атаудағы бағалы қағаздар үшін  $L_i$  өтімділік көрсеткішінің мәнін есептейді. Есеп айырысу тізімдерді қалыптастыру күнінің алдындағы 30 күнтізбелік күн ішінде осы Әдістеменің 13 тармағында көрсетілген бағалы қағаздармен Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер параметрлерінің негізінде жүргізіледі.
15.  $L_i$  көрсеткішінің шамасына қарай бағалы қағаздар осы Әдістеменің 11 тармағында көрсетілгендердің ішінен осы немесе өзге тізімге (осы Әдістеменің 18 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) мынадай тәртіппен жатқызылады:
  - 1)  $L_i$  көрсеткіші 9-дан жоғары немесе оған тең бағалы қағаздар өтімділіктің бірінші класындағы бағалы қағаздардың тізіміне жатады;
  - 2)  $L_i$  көрсеткіші 4-тен көп немесе оған тең, бірақ 9-дан кем бағалы қағаздар өтімділіктің екінші класындағы бағалы қағаздардың тізіміне жатады;
  - 3)  $L_i$  көрсеткіші 4-тен төмен бағалы қағаздар өтімділіктің үшінші класындағы бағалы қағаздардың тізіміне жатады;
16. Биржа тізіміне қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды енгізген кезде олар өтімділіктің үшінші класындағы бағалы қағаздар тізіміне енгізіледі және Биржада осы атаудағы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 30 күн өткенге дейін осында қалады (осы Әдістеменің 17 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып). Кейіннен аталған бағалы қағаздарды өтімділіктің сол немесе өзге класындағы бағалы қағаздардың тізіміне жатқызу осы Әдістемеге сәйкес жалпы негіздерде жүзеге асырылады.
17. Жекелеген жағдайларда қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар олар үшін есептелген  $L_i$  өтімділік көрсеткішінің мәнінің шамасына қарамастан және осындай бағалы қағаздардың сауда-саттығының ашылу күніне қарамастан, осы атаудағы бағалы қағаздарды өтімді немесе ықтимал өтімді деп санауға мүмкіндік беретін объективті фактілер болған жағдайда Комитеттің шешімімен өтімділіктің бірінші немесе екінші класындағы бағалы қағаздар тізіміне енгізілуі мүмкін (мысалы, немесе орналастыруды жүргізу себебі бойынша) және/немесе өтімділіктің бірінші немесе екінші класына сәйкес келетін сауда-саттықтың болуы жатады. Комитеттің мұндай шешімі тізімдерді кезекті қалыптастыру кезінде де, кез келген басқа күні де қабылдануы мүмкін.
18. Осы Әдістеменің 11 тармағында көрсетілген тізімдер Биржаның интернет-сайтында олар қалыптастырылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен кешіктірілмей жарияланады.

#### 4 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

19. Осы Әдістеменің орындалуы және оған өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік Ақпарат және статистика департаментіне жүктеледі.
- 19-1. Осы Әдістемеге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар, редакциялық және/немесе нақтылау сипатындағы және осы Әдістеменің 7 тармағында көрсетілген көрсеткіштердің мәндерін есептеу тәртібіне әсер етпейтін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды қоспағанда, осы өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын Биржаның интернет-ресурсында орналастырылуға (жариялануға) жатады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 12 маусымындағы шешімімен енгізілген*).

20. Осы Әдістеме қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен сиретпей өзектендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Бағалы қағаздардың  
өтімділік көрсеткіштерін  
анықтау әдістемесіне

**қосымша**

**Бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштерін есептеуге арналған мәндердің  
МАТРИЦАЛАРЫ**

1 кесте. Акциялар

Көрсеткіш деңгейі	Көрсеткіш бойынша балл	Мәмілелер көлемі бойынша көрсеткіш, млн теңге	Мәмілелер санының көрсеткіші, дана	Биржа мүшелері санының көрсеткіші	Нәтижелі күндердің көрсеткіші, %
1	2	3	4	5	6
Жоғары	3	$V \geq 100$	$Q \geq 300$	$P \geq 5$	$D \geq 90$
Орташадан аса	2	$100 > V \geq 50$	$300 > Q \geq 100$	$5 > P \geq 3$	$90 > D \geq 50$
Орташа	1	$50 > V \geq 1$	$100 > Q \geq 10$	$3 > P \geq 2$	$50 > D \geq 20$
Төмен	0	$V < 1$	$Q < 10$	$P < 2$	$D < 20$

2 кесте. Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

Көрсеткіш деңгейі	Көрсеткіш бойынша балл	Мәмілелер көлемі бойынша көрсеткіш, млн теңге	Мәмілелер санының көрсеткіші, дана	Биржа мүшелері санының көрсеткіші	Нәтижелі күндердің көрсеткіші, %
1	2	3	4	5	6
Жоғары	3	$V \geq 20$	$Q \geq 12$	$P \geq 3$	$D \geq 25$
Орташадан аса	2	$20 > V \geq 7$	$12 > Q \geq 7$	$3 > P \geq 2$	$25 > D \geq 20$
Орташа	1	$7 > V \geq 4$	$7 > Q \geq 5$	$2 > P \geq 1$	$20 > D \geq 10$
Төмен	0	$V < 4$	$Q < 5$	$P < 1$	$D < 10$

3 кесте. Депозиттік қолхаттар

Көрсеткіш деңгейі	Көрсеткіш бойынша балл	Мәмілелер көлемі бойынша көрсеткіш, млн теңге	Мәмілелер санының көрсеткіші, дана	Биржа мүшелері санының көрсеткіші	Нәтижелі күндердің көрсеткіші, %
1	2	3	4	5	6
Жоғары	3	$V \geq 10$	$Q \geq 5$	$P \geq 2$	$D \geq 15$
Орташадан аса	2	$10 > V \geq 5$	$5 > Q \geq 3$	$P \geq 2$	$15 > D \geq 10$
Орташа	1	$5 > V \geq 1$	$3 > Q \geq 1$	$P = 1$	$10 > D \geq 5$
Төмен	0	$V < 1$	$Q < 1$	$P = 0$	$D < 5$